

ДАУЫЛДЫ ДАРЫН

Жылдар жылжып өтіп жатыр. Талай қимас достарымыз арамыздан кетіп жатыр. Жылдар өткен сайын олар бізді сағындыра түседі. Олардың от қанатты жырлары, ой ұясындай қиялды жүздері біздің көз алдымыздан кетпейді. Жылдардың кеудесінде олардың өлмес жырлары арпалыса соғып, елмен бірге адымдайды. Жас ұрпақты құя құздың басына, алыс өзендердің жағасына, тулаған толқындардың ортасына, күрес алаңына шақырады. Олар өлмейді, олар сөнбейді. Өйткені олардың жырлап кеткен күні, айы, аспаны, махабаты сөнбейді.

Сондай жыр оты сөнбейтін жалынды ақындарымыздың бірі Қасым Аманжолов. Қасым әр уақыт биікке самғайтын, әр уақыт алысқа қарайтын қыран көзді, дауыл сөзді, жалын жүзді жан еді. Оның талдырмаш денесі жыр жолында жаттығып қалған жүйріктердің тұлғасындай еді. Ол арманшыл жан еді. Қайтыс боларынан жиырма күндей бұрын бір кіріп шыққанымда Қасым:

— Енді менің дәмімнің таусылатын уақыты жақындап қалған сықылды. Қанша өлмеймін деп құлшынсам да ауру шіркін күннен-күнге жанға батып, меңдетіп барады. Өлім үшін өкінбеймін. Өйткені екінің бірі өледі ғой. Бірақ кеудемде орындалмаған ойым, жүзеге аспаған қиялдарым бірге кетіп бара жатқанына өкінемін. Үш нәрсені армандап бұл дүниеден мәңгілік аттанып бара жатырмын. Оның біріншісі, Абайдан асамын ба деп едім, аса алмай бара жатырмын, екіншісі, қазақтың Евгений Онегинін жазам ба деп едім, оған да ажал шіркін жеткізбей кететін түрі бар. Үшіншісі, көшеге шыққанын бүкіл Париж аңдып тұратын Виктор Гюгоның құрметіндей қошеметке бөленсем бе деп ойлап едім, бұл да арман болып қара жерге менімен бірге көмілетін болды, деді.

Міне Қасым осындай арманын тірлігінде аяқтай алмай қырықтан қилтыып жаңа аса бергенінде қыршын кетті.

Қасым досқа деген адал жүрегі бар абзал ақын еді. Ол шын берілген достарын өсек-ғайбаттан, күншіл қызғаншақ сөздерден қызғыштай қоритын. Ол жолдасы үшін жанын қиятынарыстай азамат еді. Қасым қан майданда қаза тапқан жолдастарын еске алғанында қаны қайнап, көкірегі қарсайрылып өртеніп кеткендей болатын. Әсіресе, ол Абдолла жөнінде жан түкпірін жаңғырыға ашып, егіле сөйлеуші еді. Абдолланы ол былай деп суреттеп әңгімелейтін: Аққұба, қызыл шырайлы, толқын шашты Абдолла әдетте

жазы-қысы жалаңбас жүретін. Өлең оқығанда ерекше шабыттанып көздерінен от шашырап, толқын шашы теңіздің толқынындай төңкеріліп, үйіріліп ойнайтын. Өлең оқығанда оның дауысы бір кезде дауылдап аса бір асқақ серпінмен естілсе, бір кезде жібек гүлдей үлбіреп, бұралып барып, үзіліп қалатын. Ол өңінде де, түсінде де тек өлеңмен өмір сүретін. Өлеңді әулие тұтатын. Ақынды ол ақ жанды аспандай мөлдір тұнық арлы, күнәдан пәк періште жан деп ұғынатын. Ол нағыз ақын секілді аңғал, аңқау, бала мінезді, жұмбақ сырлы болатын. Абдолла азаматтық асқақ дауысты, от екпінді ақын болумен бірге жаны нәзік, жүректі желпіп өтетін жылы желдей, домбыраның назды үнді, сырлы шегіндей құрбы еді.

Оның өлімі мені қатты тебірентіп, өлмес өмір дастанын жазғызғаны сондықтан болар.

Қасым табиғаттың гүлдерін, сырлы қайындарын әр уақыт әйелге теңеп отырушы еді. Қасым: Мен әйелдерге кейбіреулер секілді үлбіреп үгіліп түсе алмаймын, қас қағымдағы ләззәттің құрбаны бола алмаймын. Кім болса соның соңынан жүгіріп қиыла қарап, жаутаңдап жалған сөйлеп жалбарына жалынып жүре алмаймын. Мен махаббатты қол жаулық етіп көрінгенге тоспаймын. Мен әйелді періштедей көремін. Оны күннің жарығы, жаңбырдың шапағаты, таңның рауаны, таудың бұлағы деп білемін. Батырлық, ақындық барлығы ананың көкірегінен тарап баланың жүрегіне құйылады дейтін.

Жылдар жылжып өтіп жатыр, талай қимас достарымыз арамыздан кетіп жатыр...

Қасым туралы айтар сөздер де, еске алар жайлар да көп. Қасым жомарт жанды, үлкен жүректі, сегіз қырлы, бір сырлы ақын, азамат еді. Оның алуан сарайлы жан түкпірінің бір қырын көрсетудің өзі өзіндей асқан шеберді керек ететін сияқты. Өйткені ол өзі айтқандай туған елі өлеңнен құя салған бір жан еді. Ал, өлеңнен құйылған жанның барлық сырларын өзіндей ашып көрсетуге қанша ержүрек болғанымен батылдық жете бермейді.

Қасым өлеңдеріне мен ертеден қанықпын. 1936—1937 жылдардың бедерінде, Испанияның азаттық үшін фашистермен айқасқа түскен күндерінде Қасымның «Сүйемін мен испанканы» деген өлеңі жарыққа шықты. Сол өлеңнің алғашқы жолдары ұмытпасам былай басталатын:

**Ғафу, қыздар, қызғанбаңыз,
Сүйемін мен испанканы.**

Осы екі жолдан өлең жазсам деп талпынып жүрген мен әлдеқандай сиқырлы бір күштерді аңғаратынмын. Осы екі жолды оқығанымда Қасымға бүкіл қыздардың бәрі ғашық болып тұрғандай көретінмін. Біздің бір ақын жанды ақкөңіл досымыз болды. Оның аты Тұрсын Бақтыбаев еді. Өзі тәп-тәуір өлеңдер жазып жүретін ол Қызылорданың көшесінде келе жатып, Қасымның «Құпия қызын» әнге қосып, құлашын сермеп, екілене жатқа соғатын. Менің Қасымға деген құштарлығымды бұрынғыдан да арттыра түсетін.

Сұрапыл соғыс өрті лап етіп күнбатыс жүзі күреңіткенде біз қанды майданға шеру тарттық. Қасымда қазіргі күндері жоғары партия мектебінде оқып жүрген Төленді Оразбаев деген досым бар еді. Біз бірнеше паровоз қоса тартқан ұзыннан-ұзақ шұбалған майдан эшелонында бара жаттық. Сонда менің досым майданға жақындаған сайын көзінде әлдеқалай қайсарлықтың бір ұшқыны жылтылдап, поезд екпінінің ырғағына қосылып бір әнге шырқайтын. Сол әннің текстінің алғашқы шумағы әлі күнге дейін құлағымда тұр:

— Еш қамал жоқ,— дейді көсем,—
Большевиктер алмайтын.
— Еш қиыр жоқ,— дейді герой,—
Біздер ұшып бармайтын.

Осы өлең қызыл вагонда біздермен бірге қонып, көп жүрегіне дем беріп, біздермен Волхов майданына бірге барды. Менің Қасымды көрсем деген құмарлығым бұрынғыдан да арта түсті.

Сұрапыл соғыс өрті басылып, бауырлармен бас қосатын бейбітшілік дәуірі орнап, біз туған елге — қадірлі Қазақстанға қайта оралдық. Соғыстан кейінгі Қасым бұрынғысынан да басым болып кетіпті. Соғыстың от-жалыны оны құрыштай шыңдап, қорғасындай шымырландырыпты. Газет беттерінде жарияланған жаңа өлеңдерін оқығанымда Қасымға деген құмарлығым қайтадан өрши түсті. Алматыдан Қостанайға келгендерден мен Қасымның жайын сұрайтын болдым.

Бір күні жинағымды екінші рет алып Алматыға келдім. Мен алғашқы келгенімде Қасым майданда болатын. Осы сапар өлеңдерімді түп-тура Қасымның өзіне оқығым келді. Ол жылдары Жазушылар Одағы Пролетар көшесі, № 11 үйде болатын. 1947 жылдың июнінің бір күндерінде сол үйде бір топ ақындар даурығыса өздерінің өлеңдерін оқып жатты. Бір мезгілде қаршыға тұмсықты, от жанарлы бір жігітесікті айқара ашып кіріп келді. Денесі ешкінің асы-

ғындай жеп-жеңіл. Үстінде шолақ жең ақ жібек көйлегі бар. Ол жартастан атылатын киікше одырая қарап өлеңге елеңдеп шалқая тұрып қалды.

— Міне біреу жері шықпай қалған екен. Өлеңнің әлде-неге тынысы тарылып тұрғандай,— деді өлеңін оқып жатқан бір ақынға.

Қаршыға тұмсықты сол жігіт менің көрсем деп құмартып жүрген Қасымым болып шықты. Қасым екеуміз сол күннен бастап біріміз аға, біріміз іні болып кеттік.

Қасым өлең дегенде өзін мүлде ұмытып кететін. Өлеңді көзінен жас шашырап отырып, бүкіл жанымен жазатын. Қасым өзінің өлең жазғандағы жан құбылысын «Құз» деген өлеңінде айнытпай түсіріп кетті. Бұл өлеңнің тууын өзі бір қызық қып айтатын.

— Бір күні өлең жазайын деп отырсам айна алдына тап келіппін. Айнадан өз суретімді көрсем бетімнен қаным қашып, тас суреттей қатып қалыппын. Сол кезде:

Мандайынан шып-шып тер,
Сорғалайды жасы көзінде.
Сол құзды көр де мені көр
Ойға шомған кезімде,—

деп өлең жазыппын дейтін марқұм.

Кейдесәл нәрсеге қабақ шытып, күйіп-пісіп қалатын өр мінезді тентек Қасым нәзік жанды да еді. Оның есігінің алдында қызылша өсуші еді. Бір күні сол қызылша суыққа шалынып, солып қалған екен. Қасым соны көріп жаны елжіреп, жүрегі дірілдеп:

— Япырай, мына көрініс шашын жайып, жас өмірмен қоштасқан ару жаннан айнымайды екен. Жас өмірді, жас өндірді үзіп кеткен тағдыр неткен қатал еді. Өз баласын өлім құшағынан алып қала алмай табиғатқа не болған,— деді. Қасым соны айтты да теріс айналып кетті. Оның көзінде сыртқа төгілуге таянып қалған мөлдіреген жас бар еді. Оның сол жасты басқаларға көрсеткісі келмеді.

Қасым өткен-кеткен дана ойлардың бәрінен мол хабардар еді. Бір күні Қостанайдан келген Сабыр Ниязбековпен әңгімелескенінде ол өмір туралы көңілінде жүрген көп ойларын шабыттана айтып бергені де менің есімде.

— Өмір деген тоқтаусыз топан күшпен ағатын бір телегей теңіз ғой. Адамзат алыс бір жағаға талпынған сол теңіздің толқыны сияқты. Өмір деген бір алтын арқандай. Бір кездерде түйінделіп, өмір сапары қаңтарылады да қалады. Әттең соған дейін адам үшін берерінді беріп кетсең

арман болмас еді,— деді ол бір жағы өзінің қатты сырқаттығын еске алып.

Қасым көп дүниені көруге құштар еді. Одан дүние көрген сайын жаңа бір шабытты өлеңдер туатын. Азербайжанды аралап Низамитойынан оралған сапарында сол кезде Қостанайда тұрған маған Қасым телеграмма берді. Мен аэропорттан оны қарсы алдым. Сонда ол әлі көңілімде жүр, қағаз бетіне түсе қойған жоқ деп маған Низами туралы жазатын өлеңінің алғашқы екі жолын жатқа айтып еді:

Қауырсының қалам етіп ақ қаздың,
Дүниені алдына алып хат жаздың...

Қасымның үлкен жаны бүкіл дүние жүзін қаусыруға еді. Өттең «көре алмай көп жерінді мен кетемін» деп өзі айтқандай ұлан-байтақ Отанның асқар шыңдарын, телегей теңіздерін, балаусалы бақшаларын Қасым ақынның ойлы көздері шарпи алмай өтті. Қаншама ғажайып жырлар туар еді оның отты сезімінен, ұшқыр қаламынан.

Қасым намысқор еді. Ол бір күні:

— Сен қабыланды білесің бе, ол өлігін жауына көрсетпеу үшін биікке шығып өледі екен. Дұшпанының алдында өлгісі келмеудің өзі өрлік, қайсарлық қой,— деді.

Қасым өлеңдерінің әрбір жолдары қайсар, өжет, ер еді.

Жаратылыс оған бәрін берді. Табиғаттың жалынды жыры, дауылды күйі, толқынды шуы, жел сыбыры, жапырақ сыбдыры оның кішкентай кеудесіне сыйып тұрды. Сондықтан да оның:

Сен де аямай бердің, маған барыңды,
Мен де аямай өз барымды беремін,—

деуі тегін емес еді.

Ол өзі айтқандай табиғаттың ерке ұлы болатын. Ол табиғат анасындай кей кезде жайдары тартатын. Кей кезде көз жасының жаңбырын төгіп те алатын, дауылдай бұрқана да соғатын.

Ол өз дүкенінде сөз құрыштарын құятын, шешендікке ұрынбайтын, құрғақ ақылға соқпайтын, жұрт ескісін жамайтын, не де болса өз бетінше із салуға талпынып, омбылайтын.

Оның үйі Алатаудың күншығыс жақ баурында болатын. Есігінің алдында ерке бұлақтар сылдыр қағып, ғажайып бір күйді шерткендей сыңғырлап ағып жататын. Онан әрі тау жотасы тақау тұратын. Өрік моншақтары тізіліп, күз күндерінде апорт алмалар өзінен-өзі үзіліп бұтақтардан

құлап жататын. Кейде дауыл тұрып, күн күркіреп, аспан алтын оттар шашып найзағайлар ойнаса Қасым сол бір көрініске қызыға қарап үй алдында ұзақ тұратын. Ондайда қайсар Қасым дауылмен жарысып, найзағаймен ойнағандай керемет бір күйге енетін. Бетінен қаны қашып бүкіл табиғаттың құпия сырларын өз жанына құйып алғандай болушы еді Қасым акын, сол бір шақтарында. Қасымның дауыл, найзағай, тасқын туралы жазған өлеңдері сондай бір сәтте туғандай болып көрінетін. Сондықтан да Қасым өлеңдерінде азынаған дауылдың үні, долы өзендердің гүрілі, найзағайдың жарқылы жатушы еді.

Қасым өлеңдерінен өз еліне деген үлкен махаббаттың еркін желдері есетін. Қасымды адам қатарына қосқан, жырла деп қолына қалам берген советтік өз елі еді. Октябрь таңы атқанда, ел еркіндік дүниесінің есігін ашқанда бала Қасым жетімдіктің жалбыр тонын лақтырып тастап, еңбектеп өмірге енді.

Өмірге ендім еңбектеп,
Шалқалап әкем шықты үйден,
Жетімдік тағдыр жетті ештеп,
Қабағы кату түксиген.

Өмірден үміт жоқ өзге,—
Даланың тердім тезегін,
Әкем боп таптың сол кезде,
Советтік менің, өз елім.

Міне, осы жолдар патриот ақынның Советтік Отанға деген оттан ыстық махаббатын бейнелегендей. Қарапайым сөздер құрыштан құйылған болат сауыттың бедеріндей бірімен-бірі шебер қиысып, өлеңді еркін соғатын епті қолдардың өрнекті іздерін білдіргендей. Көз жасын төге отырып жазылған азамат ақынның осы өлеңі көпшіліктің көкірегіне қонып, ауыздан-ауызға жатталып кетуінің себебі де өмір шындығын асқан шеберлікпен, көркемдік кестемен дәл суреттеуінде еді. Осы өлеңнің жасандылыққа салынбай, жаратылыстық қалпында жасалуының өзі де жанды үйіріп әкетіп тұр. Бұл сөздер жалғыз ғана Қасымның айтатын сөздері емес, көп адамның айтсам ба деп көкірегінде жүрген сөздері еді. Көп ойының көңіл күйін басқан өлең әр уақыт халықтың қанына сіңіп, өз туындысындай көзге ыстық болып кетпек.

Қасым қаламы қатал күрес үстінде, қанды майдан ішінде ұшталды. Қасым өлеңдері дауылмен ойнаған өрт сияқты кескілескен ұрыстарда ержетті. Қиыр Шығыстың байтақ

даласы, Байқал теңізінің тулаған толқындары, Брянскінің бұйра шашты қалың ормандары Қасым өлеңдерінің өмірбаяны болды. Солдат ақын өз өлеңдерін соғыстың сұрапыл күндерінде тамшылаған қанымен жазды. Ол адам кеудесінің түкпірінде тулап жатқан үлкен жүректің соғысын сезіне білді. Сол жүректің дүрсілі Қасым дәптеріне өлең болып тіршілік тынысын құйды. Сезім күшін шыншылдықпен ағынан жарылып еркін жеткізу Қасым өлеңдерінің аса бір үлкен қасиеті болып көзге шалынды.

Қасымның соғыс жылдарындағы поэзиясының ішінде «Абдолла» поэмасы айрықша тұр. «Абдолла» поэмасында ақын Отан үшін омырауын оққа тосқан өрт жанарлы жастың отты қайрағын, ерлік айбатын, буырқанған бұлттай жауына жасын ата төнген құдіретті ішкі дүниесін сипаттайды. Осы бір кішкентай ғана поэмада соғыстың сұрапыл картинасы, өртке жанып өліп бара жатқан жас ақынның ішкі түйсігі, жан жалыны, лирикалық нәзік сезімдері, психологиялық көңіл құбылыстары түгелдей топтасып тоғысқан.

Құдіреткүші жер-жаһанның:
Қанатын бер қыран құстың,
Ашуын бер арыстанның,
Жүрегін бер жолбарыстың:
Құллі әлемнің ашу кегі
Орна менің кеудеме кеп.
Жау жолына атам сені
Бомба бол да жарыл жүрек,—

деп Абдолланың аузына ақын отты сөздерді салады. Осы шумақтар мартен пештерінде құйылған құрыштай шымыр жатыр. Ақын жеріне жеткізе, түскен жерін ойып кететіндей қорғасын сөздермен Абдолланың ашу-кегін айтып-ақ берген. 1949 жылғы Москвада өткен қазақ әдебиетінің онкүндігі кезінде бүкіл Одақтың айтулы ақыны Николай Тихонов Қасымның «Абдолла» поэмасын қазақ поэзиясының інжу-маржаны деп әділ атады. Көп өлеңдерді оқып көз майын тауысқан, өзі де бір небір керемет өлеңдер жазған еліміздің көрнекті ақынының Қасым поэмасына берген бұл бағасы бүкіл қазақ совет поэзиясының қайраткерлерін қанаттандырған болатын.

Қасым қазақ өлеңдеріне жаңалықтар енгізу жолында көп еңбек сіңірген ақындарымыздың бірі. Он буынды өлеңді қазақ поэзиясында тұңғыш рет Қасым тудырды десек артық айтқан болмаспыз. Жаңалық деген жалғыз ғана өлең жолдарын сатыға бөліп ырғақтарын сындыруда болмасқа керек. Біздіңше, бұрын айтылмаған тың теңеулер табу, ойда

жок жаңа бір суреттер жасау жаңашылдық нышандарына қосылатын сияқты. Мысалы:

Қызыл-жасыл киінген өрт
Көрінді оған боп қызойнақ;
Толқын торғын, жайнап букет
Тым сиқырлы билеп, ойнап.
Айтып жұмбақ өлеңдерін,
Аңыз болып бір сұлу жар,
Желпіп жалын желектерін,
Келе жатты от сұлулар.

Міне, бұл Ғабит айтқандай Қасым поэзиясынан ескен жаңа леп екеніне, поэзияға оның алып келген жаңалығы екеніне кім таласа қояр екен.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қасым өнікті жұмыстар істеді. Ақынның қаламынан бейбітшілік туралы от қанатты уытты өлеңдер туды. Қасым өзінің азаматтық лирикаға да асқан шеберлігін танытты. Бұл пікірімізді ақынның «Дүние дұшпандарына», «Дүние сыймас бомбаға», «Коммунист» деген өлеңдері айқын дәлелдейді.

Айтамын айтар сөзді Алматынан,
Жетсін деп еркін даусым жер-жаһанға,—

дейді ақын «Дүние дұшпандарына» деген өлеңінде. Ақын өзін бүкіл дүниенің тағдырына жауаптымын деп сезінеді. Атом қаруын кезеніп, бейбіт елдерге тісін қайраған азғын жаулардың есіне тарих сабақтарын тағы да бір ескертіп қояды.

Соңғы жылдары қатты сырқат болып, Қасым ақын кең көсіліп шаба алмады. Өзінің аурулығына байланысты кейде оның қаламынан күйрек өлеңдер де туды. Бірақ қайсар Қасым өлімнен қорықпады, оны ойлап торықпады, өмірді ойлады, тіршілікке талпынды.

Тірліктегі тыпыршыған,
Бір күніне не жетеді.
Аулақ ауру ыңырсған
Өмір күйі тербетеді,—

деп жазды ол өзінің соңғы жазған өлеңдерінің бірінде. Осы шумақтан өмірді сүйген үлкен жанының жарқын бейнесі жарқ етіп көрінгендей.

Қасым жүйрік ақын болумен бірге шебер аудармашы да еді. Ол А. С. Пушкиннің «Полтава» поэмасын, М. Ю. Лермонтовтың «Маскарадын», Низами мен Т. Г. Шевченконь

өлеңдерін қазақ оқушыларына жеткізді. Қасым аударған Тарас Шевченко өлеңі жұртшылық құлағына қазақтың өз өлеңіндей бірден құйылып кетті.

Өтеді күндер, өтеді түндер,
Өтеді жазым зымырап;
Соғады дауыл, солады гүлдер
Сарғаяды жапырақ,—

деп басталатын Шевченко өлеңін жатқа білмейтін қазақ оқушысы кемде-кем болар-ау.

Қасымның жалын атқан отты жырларының ішінде бір өлең өзі көзін жұмып, ұзақ ұйқыға шомғаннан кейін бұрынғыдан да айқынырақ, бұрынғыдан да жақынырақ көрінетін болды. Ол — «Өлмес өмір өлеңі». Қасым осы өлеңді өзіне арнап жазып кеткендей болады да тұрады. «Өлмес өмір өлеңінің» қаһарманы қанды майданның қаһарлы күндерін бастан кешеді. Бір айқаста оқ тиіп, «жер бауырлап жығылады». Дәл сол кезде достары оны жағалай қоршап алып, ажалды жолатпай тұрады. Кейін ақын:

Өлуші ме ед ер шіркін!
Сілкінді ол бір дүркін.
Келе жатты аралап
Өзі туған ел-жұртын,—

дейді. Бұл өлеңде өмірді сүйген оптимизм пафосы шалқып жатыр.

Қасымның қайтыс болғаннан кейінде оның рухы «Өлмес өмір өлеңін» айтып, ел-жұртын емін-еркін аралап жүр. Ақын қайтыс болғаннан кейін оның шығармаларының үш томдық толық жинағы жарық көрді. Бұл томдарды халқымыз өзінің қадірлі қазынасындай, бағалы жиһазындай қуана қарсы алып, құшақ жая қабылдады. Қазір Қасым ақынның өлеңдері ұлан-ғайыр Қазақстанның әрбір үйінің құрметті қонағы болды. Жылдар сайын ақын даңқы биікке көтеріліп, ақынның «саңқылдаған сұңқар үні» барлық қуатымен айқын естіле бастады. Жылдар сайын оның өлеңдері жасарып, жылдар сайын тереңдеп, қатар жүргенде абайлай алмай қалған қалтарыстары мен қырлары ашық күндегі Алатау жоталарындай айқын тартты. Қасымға арналып көптеген мақалалар жазылды. Сол мақалалардың барлығы бір шындыққа келіп тіреліп, бір пікірге келіп түйілді. Сол мақалалардың бәрінде де Қасымның азаматтық үлкен өмірбаяндалды, зор тынысты, мол дыбысты, айқын өрнекті, жомарт көңілді ақындық өнері талданды.

Қасым өзі қатарлас қазақ ақындары секілді, әсіресе соғыс жылдарында қатты өсіп, серпінді қадам жасады. Оның соғыс жылдары жазған «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасынан, «Байқал», «Орал», «Подполковник Әлпинге» «Ғабдолға» тәрізді өлеңдерінен өр толқынның үстінде, өрт-жалынның ішінде дауылдан дем алып, найзағайдан от алып жүрген жауынгер ақынның тулап соққан жүрегінің дүрсілін естігендей боламыз. Қасым бұл өлеңдерінде сұрапыл соғыстың суретін берерлік қуатты теңеулер, оқтай ұшқыр қанатты сөздер, жан сезімін толқытар керемет картиналар, бұрын айтылмаған соны эпитеттер жасады. Оның сөз образдары, лирикалық көңіл күйі, философиялық түйіндері майданнан ескен «жаңа леп» болды. «Шұғыла шалған кешкі бұлттар», «Сырнайлы өзен», «Ойлы орман», «Қорғасын бұлт», «Қызыл ала кешкі аспан», «Сағыныштың отты желі» — тағы осындай тың ақындық образдарды Қасым соғыстан қазақ поэзиясына ала келді.

Аманжоловтың соғыс жылдарында, одан кейінгі кездерде жазған өлеңдерінде де оның өз ерекшелігі, өзгешелігі анадайдан атой салып шақырып, өзінің жаңашыл жарқын үні жаңғырығып естіліп тұрды. Ол қайбір тақырыпты болмасын бар жанымен, жүрек қанымен тебірене толқып жазды. Сондықтан да оның өлеңдері тепкіні темір үзетін тереурінді, асып төгіліп жататын тасқынды, қорғасындай салмақты, болаттай шымыр болып келетін.

Әрине, жұртқа тән кемшіліктерден Қасым да қашып құтыла алған жоқ. Оның бірсыдырғы өлеңдерінде бүгінгі еңбек адамының өмірін нақты, жан-жақты көрсетудің орнына сырттай сұқтанушылық, орынсыз асқақтауға ұрынушылық жәйттері де болды. Қасымның үйрену үстінде, іздену жолында жаңсақ айтып, жаза басқан жерлері де бар. Өз кемшілігін мойындауға коммунист ақынның батылдығы да молынан жетті, бұған оның 1951 жылдың декабрінде партияның жабық жиналысында оқыған өлеңі айқын дәлел.

Бармын мен қойған жерде, айтқан сертте,
Айныр деп ақын жүрек түк селт етпе!
Кейбір кез қателесіп кеткен болсам,
Ей құрбым, күдер үзіп басқа теппе! —

дейді ақын сол өлеңінде. Бұл өз қатесін ұғып, одан тиісті қорытынды шығара алатын жігері мол, тынысы зор азамат ақынның ғана айтатын сөзі. Осы өлеңнің соңында Қасым:

Риза етіп ата-анадай мен елімді,
Өмірге берем кетіп берерімді,
Көсемім — Компартиям,— Ұлы Отаным,
Ал қабыл бойымда бар өнерімді! —

деп өзін жетімдіктен құтқарып, адам еткен Коммунистік партияның, Ұлы Отанның алдында ант береді.

Қасым ақындық өнерінің үлкен жолынан өтті. Артына творчестволық мол мұра қалдырды. Оның поэзиясы нәзік лириканы, асқақ романтиканы, ұзақ өрісті эпиканы құшағына сыйғызды. Ол орыстың классикалық әдебиетінің асыл мұраларын, қазақ өлеңінің озық үлгілерін өз бойына жинады.

Қасымның өзіндік үлкен мектебі бар ақын. Қазіргі Ғафу Қайырбеков, Қабыкен Мұқышев, Сағи Жиенбаев, Мақсұт Байсейітов секілді бірқатар ақындарымыздың өлең екпіндерінде, жырдың музыкалық сазында, еркелік назында, сөз өрнектерінде, әсерлі бейнелерінде Қасым поэзиясының үлкен ықпалы, игі шапағаты барлығы даусыз.

Қасым ортамыздан кеткелі он жылдың жүзі аударылыпты. Бірақ Қасым тарих болып, архив тозаңында қалған жоқ. Маяковский айтқандай «тірілермен тірілерше сөйлесіп», халықпен бірге қарыштап қадам басты. Оның жалынды жырлары жаңа бір қырларынан көрініп, жаңарып, жаңғырығып отырды. Жаңа, жас жырлардың өркенін жайып, желкілдеп өсуіне шапағатшылардың бірі болды. Өзі айтқандай жыл сайын жанашыр жаңа достарды тапты. Битаныс ұрпақтар мен от қанатты, уытты жырларының арқасында жүзі жарқын болып, күле амандасты. Жас ұрпақ Қасым жырымен толқыды. Ақын даңқы бұл жылдары биіктей жұртшылықтың жүрегіне терең дарып, ойында өшпестей орнығып алды.

Ол өз халқының, өз даласының мерейін үстем етіп, абыройын арттырған ардагер азамат, аяулы ақын еді. Мен бұдан үш-төрт жыл бұрын Бурабай көлінің кемелінде тұрдым. Күнашық еді. Көл мөлдіреп тұнып жатты. Оқжетпеске қалдым, бірақ ұшар басына көзім жетпеді. Енді бір сәт көлге қарасам, Оқжетпестің ұшар басы жапырақтай жалбырап көл түбінде жатыр екен. Алыс аспан да ойлы-қырлы бұлттарымен көл түбінен айқын көрінеді. Қырқалардағы қалың қарағайлар да су бетінде қалқиды. Енді маған алыс аспанға, науша Оқжетпеске, ну қарайғайға көз жүгіртудің қажеті болмай қалды. Бәрі көл үстінде тұнып тұр. Қасымның жыр кітаптары да сол секілді, оның ішінен оқушы сыр шертіп сұлу күйлер төгіп жатқан өзендерді, ой толқытатын

жасыл қанат ормандарды табады. Ақын талантының жұмбақ жиһанды қас-қағымда қапсырып тұрғанына қайран қалады.

Қасым бала мінезді еді. Кейде ол ашық күн секілді, кейде ол көкірегінде бұлты бар секілді еді. Кейде ол жұмбақ аспанның тұңғық әлеміне сүңгігендей терезеге телміріп қалып, айнала қоршаған дүниені ұмытып кететін. Ақын ондай шақтарында ой толқынын қуып, жыр жолдарын барлап отырғандай болатын. Әлден уақытта талдырмаш денесіне құпия сырлар құйылғандай өткір көздерінде от ұшқыны ойнайтын. Сол кездері ақын сырлы домбыраны қолға алып, сын пернелерді басатын. Бұл ақынның тебірене толқып жыр пегасының жалынынан тартып мінетін сәттері болатын.

— Өмір деген бір өзен ғой. Адам сол өмір теңізінде домалап бара жатқан тас секілді. Толқын қақпақылынан жағаға жеткенше күндер өте береді. Сұрапыл соғыс жазатын жақсы жылдарымды алып кетті. Енді бір сілкініп алмаса болатын емес деп бір күрсініп қоятын. Қасым достыққа сын көзімен қарайтын тек қана адал, риясыз достықты сүйетін. Қасымның көп сыннан өтіп, көңілінен шыққандардың бірі — Ғабдол еді.

Жапырағын дауыл шайқаған жаралы Брянскі орманы. Қанды майданның қара құстың қанатындай қап-қараңғы түні. Со бір кезде қуаныштың құсындай почтальон жетіп келіп, орман ортасында ойдың отын жағып отырған албырт ақынға хат әкеліп ұсынады. Бұл Қасымның жан жолдас-тарының бірі жазушы Ғабдол Слановтың хаты еді. Ақын ай жарығында отырып, жолдасына жауап қайтарады.

Ғабдолым, алдым хатыңды
Жарық етті кешке бір уақыт
Сенің от махаббатыңды
Шырақ еткендей бей уақыт,—

деген найзағайдай ұшқынды, дауылдай буырқанған уытты жолдар ақын қаламынан осылай сорғалап жатты....

Қасым ақын соғысты аяқтап, туған еліне оралды. Оның қаламы от ішінде суарылды.

Қасымды өмір онша көп еркелете қойған жоқ. Дауылға тиген өрттей өр мінезді Қасым қатал тағдырмен қарсыласа, қасарыса өсті. Ақын:

Арпалыс ала құйын заманалар
Арбасып тұрып алды мен нетемін.

деген өлең жолдарымен өз өмірінің көп жайларын аңғартып өткендей.

Қасым өзі айтқандай табиғаттың өз баласы еді. Оның өлеңдерінен табиғаттың өзіндей балалықтың, табиғаттың өзіндей даналықтың лебі есетін. Кейде Қасым тәкаппарлықты таудан алса, өлеңнің сан құбылып келетін сазды үндерін көкала толқынды бұлақтардан алғандай болатын. Табиғаттың тамаша құбылыстары Қасымның жыр дәптерлерінде қайтадан бір тоғысып, шебер суретшінің кестесімен кем-кетіктері түзеліп, ажарлана құлпырып, торғындай толқып түрлене түсетін.

Қасымның ең үлкен қасиеті — ол жалған айтып жалтармайтын, өмірде де, өлеңде де шыншыл болатын. Сол шыншылдығы оны жылдар жотасынан жоғары алып шықты. Қасым шындықтың қараңғы аспанды найзағайдай қажарып, мерейі үстем болып, жарқылдап шығатынын көрсетті.

Қасым өмірдің өз жаршысы болды. Шындық сырларымен әркімнің көкейкесті ойларын дәл басатын дәрежеге жетті. Оған сол үшін де табиғат бұлбұл көмей, сұңқар дауыс, сергек сезім сыйлап еді. Оның қаршыға сияқты қияпаты алысқа, биікке ұшу үшін жаралған сияқты еді.

**Мынау аспан, ай, жұлдыздар тұрғанда,
Қасым оты еш уақытта сөнбейді.
Жалынын ол бөліп беріп жылдарға
Тек Қасымша алға құлаш сермейді.**

Советтік елдің жалынды -жаршысы, коммунист ақын Қасым Аманжоловтың асыл бейнесі қазақ өлеңінің аспанында айқын нұрымен жарқырай береді. Бұл нұрға келешек ұрпақтар қуана да, қызыға да қарайтын болады.